



20495614826

ЖЕКЕШЕ ҚАУЛЫ

2023 жылғы 12 желтоқсан №5160-23-00-3/689 іс Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы Түлкібас аудандық соты:
судья Ж.С.Аятовтың төрағалық етуімен,
сот отырысының хатшысы Б.А.Оразбаеваның отыруымен,
әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған лауазымды адам – Атырау облысы Исатай аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция тобының инспекторы Д.Ә.Жасеновтің,
өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізіліп жатқан тұлға Т.Д.Худайбергеновтің,
қорғаушылар – адвокаттар Г.Т.Саржановтың, С.Д.Нигметовтің,
жәбірленуші С.Б.Сабиеваның,
қорғаушы – адвокат Г.Х.Сабированың қатысуымен,
ашық сот отырысында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің (бұдан әрі - ӘҚБтК-нің) 610-бабының 1-бөлігімен Тажимурат Джумартович Худайбергеновке қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап,


АНЫҚТАҒАНЫ:

ӘҚБтК-нің 737-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу міндеттерінің бірі әрбір істің мән-жайларын уақтылы, жан-жақты, толық және объективті анықтау, оны осы Кодекске сәйкес шешу болып табылады.

ӘҚБтК-нің 766-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасы және осы Кодексте көзделген оның құрамының белгілері, жеке тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі, әкімшілік құқық бұзушылықпен келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар дәлелденуге жатады.

ӘҚБтК-нің 785, 793-баптарына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының бірі қарап-тексеру болып табылады. Қарап-тексеру, яғни көлік құралын, сол жерді, нәрселерді көріп зерттеу әкімшілік құқық бұзушылық іздерін, өзге де материалдық объектілерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасау үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында жүргізіледі.

ӘҚБтК-нің 803-бабының 2-бөлігінің 7) тармағына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада істі шешу үшін қажетті өзге де



мәліметтер, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

ӨҚБтК-нің 781-бабының 2-бөлігінің талабына сәйкес құқық бұзушылықтың әкімшілік жауаптылық негіздері мен кінәсінің болуын дәлелдеу міндеті әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға уәкілеттік берілген органға (лауазымды адамға) жүктелген.

Кодекстің бұл талаптары Атырау облысы Исатай аудандық полиция бөлімінің патрульдік полиция тобының инспекторы Г.И.Науанов және Д.Ә.Жасеновпен бұзылған.

2023 жылы 7 қыркүйек сағат 14:20 шамасында Атырау-Астрахан тас жолында, Тұшықұдық ауылы тұсында, реттелмейтін жол қиылысында жол-көлік оқиғасы орын алған.

Хабарлама бойынша жол-көлік оқиғасы орнына барып инспектор Г.И.Науанов оқиға болған жердің сызбасын сызған, алайда қызметтік міндеттеріне жауапкершілікпен қарамай, көрсетілуге тиісті барлық мәліметтерді сызбада толық, дұрыс көрсетпеген, істің мән-жайын растайтын фотосуреттер түсірмеген, сызбаға қоса тіркемеген, оқиға орнын қарап-тексеру жүргізбеген, тиісті хаттама жасамаған (жолдың көрінісін, жол белгілерін, т.б. көрсетпеген).

Сызбаны толық жасамауының салдарынан іс бойынша тағайындалған сараптамаға сызбаны қайталап полиция инспекторы А.Камалиденов жасаған, бұл сызбаға жол-көлік оқиғасына қатысушылары қолдарын қоймаған.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы №534 санды бұйрығымен Жол жүрісі қағидалары бекітілген.

ӨҚБтК-нің 610-бабының 1-бөлігіне сәйкес көлік құралдары немесе өзге де мүліктің бүлінуіне алып келген, материалдық залал келтірген көлік құралдары жүргізушілерінің жол жүрісі қағидаларын бұзған жағдайда жауапкершілік көзделген.

Жол-көлік оқиғасына қатысушылар сотқа өздерінде болған бейнежазбаларды, фотосуреттерді табыс етті.

Алайда полиция инспекторы Д.Ә.Жасенов хаттамада Жол жүрісі қағидаларының атауын дұрыс көрсетпеген, кімге материалдық залал келтірілгенін көрсетпеген, іс құжаттарына көлік құралдарына қатысты құжаттарды және бейнежазбаларды, фотосуреттерді жинақтамаған.

Сот отырысында полиция инспекторы Д.Ә.Жасенов Қазақстан Республикасында жол қосғалысы қандай нормативтік құқықтық актілермен реттелетінін білмейтінін көрсетті.

Нәтижесінде қорғаушылар тарапынан полиция қызметкеріне негізді сын келтіруге жол берді.



Бұл жағдайдан, патрульдік полиция тобының инспекторы Г.И.Науановтың және Д.Ә.Жасеновтың заң талабын сақтамайтынын, қызметіне жауапкершілікпен қарамайтынын көрсетті.

Сот, алдағы уақытта заң бұзушылығын және жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті түрде атқармауды болдырмау, біліктілігін көтеру, полиция қызметіне негізді сын келтіруге жол бермеу үшін тиісті шараларды қолдану үшін Атырау облысы Исатай аудандық полиция бөлімінің басшысының назарын аудару қажет деп тапты.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексінің 829-19-бабын басшылыққа ала отырып, сот

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Атырау облысы Исатай аудандық полиция бөлімінің полиция инспекторы Г.И.Науановтың және Д.Ә.Жасеновтың заң бұзушылығын және жүктелген қызметтік міндеттерін тиісті түрде атқармауын болдырмау үшін тиісті шаралар қолдану үшін Атырау облысы Исатай аудандық полиция бөлімінің басшысының назары аударылсын.

Жекеше қаулы бойынша қолданған шаралар туралы бір ай ішінде сотқа хабарлансын.

Жекеше қаулыға он тәулік ішінде Түркістан облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Түлкібас аудандық соты арқылы шағым беруге және прокурормен өтінішхат келтіруге болады.

Судья

Ж.С. Аятов

